Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ
8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
Олжабаев Бекарыс Қобланұлының «Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі» тақырыбындағы диссертациясына

ПІКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңызы. Бүгінгі таңда фольклор басқа ғылым салаларымен байланыста тақырып ауқымын кеңейтіп, жаңаша даму жолына бет алып келеді. Өйткені гуманитарлық саладағы барлық ғылым мен сүбелі ұғымдар фольклорға арқа сүйеп, танымдық дүниелерді туындатуға мүмкіндік алып отыр. Сондай саланың бірі – концептілерге байланысты ұғымдар. Осы ретте ізденуші Б.К.Олжабаевтың «Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі» аталатын диссертациялық еңбек тың бастама деп айтуға болады. «Туған жер» концептісін жан-жақты ашу үшін ізденушінің қазақ фольклоры деп жалқы алмай, түркі халықтарының фольклорын қамтып отырғаны жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Салыстырмалы талдау жасау үшін тақырыптың бұлайша алынуы қазіргі заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңызды екені сөзсіз.

Қазақ, қырғыз, татар, башқұрт халықтары фольклорын негізге ала отырып, «туған жер» концептісін қарастыру танымдық теория тенденциясында ментальды болмыста қалыптасқан ұғым-түсініктерді анықтауға мүмкіндік береді. «Туған жер» - барша түркі халықтары үшін киелі, қастерлі ұғым. Тасқа қашалып жазылған «Күлтегін», «Білге қаған» жырларында айтылатын негізгі идеялар «туған жерді қорғауға» негізделген. Түркі халықтарының түсініктерінде аспан мен жердің жаратылуынан, Көк Тәңірі мен Ұмай ананың жаратушылық сипаттарынан «туған жер» түсінігі айқын көрінеді. Түркі фольклорындағы мифтік сюжеттер «жер-су» немесе «йер-су» түсінігіне негізделетіндігі де сондықтан.

Бұрын біз когнитивтік лингвистикаға ғана иек артып жүрсек, қазіргі өскелең филология ғылымында жанадан өркен салып келе жатырған когнитивтік әдебиеттану ғылымы бар. Ізденуші фольклорда көрініс беретін «туған жер» концептісін барынша ашып көрсету үшін осы когнитивтік әдебиеттануды басшылыққа алады. Диссертациялық жұмыстың заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңызы қазақ, қырғыз, татар, башқұрт фольклорынан туған жерге қатысты сюжеттерді келтіре отырып, когнитивтік әдебиеттану аясында талдаудан көрінеді. Бұл өз кезегінде когнитивтік әдебиеттанудағы концепт тақырыбын терең қарастыруға, жүйелі зерттеуге қажетті алғышарты болады.

Докторанттың негізге алған басты ғылыми және әдіснамалық ережелері. Докторант ғылыми зерттеу жұмысында бірнеше бағыттар арасында

зерттеулер жүргізген: фольклор мен когнитивтік әдебиеттану, фольклор мен топонимика, фольклор мен мифология, фольклор мен когнитивтік лингвистика. Аталған ғылымдар тоғысында түркі халықтарының фольклорлық шығармаларындағы «туған жер» концептісінің маңызы, сонымен бірге топонимдік фольклорын дамытудағы үлесі айқын көрінеді. Осы тұста аталған зерттеушілердің пікірлері диссертациялық жұмыстың негізгі ұстанымдары мен идеяларын қуаттай түседі.

Фольклордың зерттелуі А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Сейфуллин, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Исмаилов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, М.Мырзахметов, Ш.Ыбыраев, Е.Тұрсынов, Т.Сыдықов, К.Матыжанов; когнитивтік әдебиеттану Е.Лозинская, М.Тернер, Р.Цур, П.К.Хоган, А.Ричардсон, Г.Шремпп, С.Дж.Броннер, В.Красных, В.Миллер, В.Зусман, В.Аскольдов, Ю.Степанов, И.Смирнов пікірлері қарастырылды.

Докторанттың қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен олардың дәйектілігі. Диссертант жұмысты орындау барысында түркі халықтарының фольклорын когнитивтік әдебиеттану аясында зерттеуде негізгі теориялық ұғымдарды дәйектейді. Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісінің қызметі қатарында *мекендік, ақпараттық, символдық, танымдық* қызметтерінен бөлек, идеологиялық қызметті де анықтайды. Анықтап айтатын болсақ, Чора батыр», «Ер Табылды», «Ер Төштүк», «Алпамыс», «Урал-батыр», «Қыз Жібек», «Ак-Мөөр», «Кузыйкүрпәс және Маянхылу», «Шәһсәнәм мен Гариб», «Сайфульмулюк» фольклорлық шығармаларын талдау нәтижесінде «туған жер» концептісінің түркі фольклорындағы қызметіне, туған жер ұғымының топонимдік фольклордағы маңызына көз жеткізеді.

Диссертациялық жұмыста көркем концепт, фольклорлық концепт ұғымдарының айырмашылықтары ажыратылды. Көркем концептінің зерттелуі когнитивтік әдебиеттану ғылымының дамуына үлесін қосады. Ерте кезеңнен қалыптасқан туған жер түсінігі фольклорлық шығармалардың негізінде ғасырлар бойы жинақталып, бүгінгі көрінісі көркем концепт мағынасында жинақталғаны дәйектелді.

Топонимдік фольклор аясында топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят жанрларындағы «туған жер» концептісі архетип, мотив тақырыптарында анықталған. Зерттеу барысында қазақ, қырғыз, татар, башқұрт халықтарының фольклорлық мұраларындағы ортақ архетиптер қатары: Отан-ана Батыр, Дана, Билеуші; мотив қатарында «кенже бала» ұғымдары анықталған. Зерттеу нәтижесінде қырғыз халқының «Чыныбек» ертегісіндегі «Кара-Куль» топонимі, татар фольклорындағы «Кагарман батыр» ертегісінде Каф топонимі, «Акыял батыр» ертегісінде Орал, Сібір топонимдері ертегі сюжетіндегі оқиғалардың маңыздылығын түсіндіреді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертациялық жұмыс қойылатын талапқа сай орындалған.

Ғылыми аппараты дұрыс. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір бөлім тараушаларға жіктелген. Әр тараудың соңында толымды ғылыми тұжырымдар жасалған.

Зерттеуге докторанттың қосқан жеке үлесі. Докторант ҚР ҒЖБМ ұсынған журналдарда 5 ғылыми мақала, халықаралық конференция жинақтарында 2 ғылыми мақала жарияланған.

Докторанттың зерттеуші ретінде ізденімпаздығы. Докторант зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін талдау арқылы тақарыптың өзектілігін көрсете білген. Оларды саралау, талдау арқылы жұмысты ғылыми негіздеген. Ғылыми зерттеу жұмысын орындауға тиесілі әдістәсілдерді жүйелі түрде қолданған. Атап айтар болсақ, «туған жер» концептісінің ақпараттық-мағыналық өрісін анықтауда дефинициялық талдау әдісі; семантикалық парадигмасын анықтау барысында мағыналық талдау әдісі; концепттің модельдерін жүйелеуде концептуалды талдау әдісі жүзеге асқан. Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында когнитивтік әдебиеттану ғылымы аясында мынадай жетістіктерге қол жеткізген: 1. Когнитивтік әдебиеттану саласының қалыптасуы мен дамуы қарастырылып, ондағы басты тенденцияларды ажыратқан. Түркі фольклорын біртұтастыққа алып зерттеуді когнитивтік әдебиеттану аясында жүзеге асырған. 2. Когнитивтік әдебиеттану бағыты аясында түркі фольклорында кездесетін архетип, мотив мәселелерін арнайы қарастырған. 3. Когнитивтік әдебиеттану бағыты бойынша түркі фольклорындағы мифологиялық дүниетанымдар, мифтік түсініктер, әсіресе түркі дүниетанымындағы «йер-су» түсінігі «туған жер» концептісі негізінде талдап түсіндірген.

Диссертация бойынша пікіріміздің қорытындысы. Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс ізденушінің ғылыми-зерттеу жүргізуге қажетті дағдылар мен құзыреттіліктерді толық меңгергендігін көрсетеді. Сондықтан Олжабаев Бекарыс Қобланұлының «8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындаған «Түркі халықтары фольклорындағы «туған жер» концептісі» атты диссертациясы толық аяқталған, талапқа сай орындалған жұмыс деп есептейміз. Осыған сәйкес «8D02304-Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы: **А.Ш.Пангереев**